

А.Н. Ламбекова*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

aigerim.lambekova@gmail.com

https://orcid.org/0000-0001-6818-3665

Scopus Author ID: 57204244683

AAD-3713-2020

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ішкі аудит жүйесінің тиімділігі: құрылымдық модель

Аңдатпа

Мақсаты: Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық тұрақтылығына әсер ететін ішкі аудиттің негізгі проблемаларын анықтау және несиелік портфельді бағалау негізінде ішкі аудиттің тұжырымдамалық құрылымдық моделін дайындау.

Әдісі: Салыстыру, топтастыру, талдау, жіктеу, статистикалық әдістер, индукция, дедукция, экономикалық-математикалық әдістер және модельдеу сияқты ғылыми әдіснамалық тәсілдер мен зерттеу әдістері алынды.

Қорытынды: Ішкі аудит жүйесі және несиелік портфель бойынша пайда болған мәселелерді, сонымен қатар Smart PLS бағдарламасының көмегімен сауалнама нәтижелерін талдау негізінде банктерге ішкі аудиттің қандай тәуелсіз айнымалыларының (ішкі аудит көлемі мен стандарттары, несиелік тәуекелді бағалау, тәуекелге бағдарланған аудиттің жылдық жоспары, тәуекелдерді басқару) көмегімен қаржылық тұрақтылыққа жетуге болатынын анықтауға мүмкіндік беретін ішкі аудиттің тұжырымдамалық құрылымдық моделі жасалды.

Тұжырымдама: Smart PLS бағдарламасы негізінде ішкі аудит проблемаларын бағалау, банктердің несиелік портфельін талдау және сауалнама нәтижелерін зерттей отырып, банктің қаржылық тұрақтылығына ішкі аудиттің тәуелсіз айнымалыларының әсерін анықтауға ықпал ететін ішкі аудиттің тұжырымдамалық құрылымдық моделі құрылды.

Кілт сөздер: қаржылық тұрақтылық, ішкі аудит, екінші деңгейдегі банктер, құрылымдық модель, тәуекелге бағытталған тексеру, ішкі аудит стандарттары, ішкі аудит жоспары.

Кіріспе

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда банк секторының тәуекелді бағытталған қадағалауы енгізілді. Яғни Ұлттық Банк тарапынан банк өз қаражаттарымен банк клиенттеріне қызмет көрсетпейтін төлемдердің кідіртуін немесе уытты (токсичные) несиелерді жабу қабілеттілігін талдауды қарастырады.

Ұлттық банк банктердің барлық қызметін заңнама талаптарын сақтау бойынша құқығына ие болды, корпоративтік басқару тәуекелдері, капиталдың жеткіліктілігі және тәуекелдерді жабу өтімділігі бағаланды. Қиын жағдайдағы төлем қабілеті жоқ банктердің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау тетігі енгізілді. Реттеушінің өзі тәуекелге бағытталған қадағалауға көшу шешімін, оның мақсаты — проблемалардың туындауын күтпестен, дағдарыстық құбылыстардың превентивті алдын алу бойынша жұмысты күшейту екенімен түсіндірді.

2018 жылдың 1 қаңтарында банк секторының жиынтық активтері — 24,9 трлн. теңгені, ал жиынтық міндеттемелер 21,9 трлн. теңгені құрады. Бірінші тәуекел анық — банк секторының меншікті капиталының төмен деңгейі. Сонымен қатар, 2018 жылдың 11 айында банк секторының меншікті капиталы 1,6%-ға төмендеді. Жиынтық меншікті капитал өте төмен — 3 трлн. теңгеге жуық мөлшерді құрады. «Шок сценарийі» жүзеге асырылған жағдайда Қазақстан үшін әлеуетті тәуекел теориялық тұрғыдан шамамен 17 трлн. теңгені құрауы мүмкін. Бұл жағдайда Қазақстандағы банктермен жалпы жағдай бұрынғысынша аландаушылық туғызды.

Соңғы жылдары Қазақстанның банк секторы үшін жеңіл болмады. 2009 жылдан бастап банк жүйесіне 2 трлн. теңгеден астам қаржы құйғанымен, бұл қандай да бір жақсартуларға әкелмеді. Ұлттық банк тарапынан әрекеттердің кешірек болуы және бұрын қабылданған ережелер бойынша банктердің жағдайының нашарлауын болдырмаудың алдын алуға қажетті деңгейде әсер етпеді.

* Хат-хабарларға арналған автор.
E-mail: *aigerim.lambekova@gmail.com*

Сондай-ақ, XX және XXI ғасырлардағы дағдарыстардың басым бөлігі банктермен байланысты болғанын ұмытпау керек. 1929 жылғы «Ұлы депрессия» және 2008 жылғы дағдарыс дәл осы банктерден басталды. Бұл оқиғалар бизнес-модельдің өміршеңдігін және оған тән тәуекелдерді бағалау әдіснамасын, тәуекелдерді басқару және банктердің ішкі бақылау жүйелерін қарастыруды талап етеді. Сондай-ақ, капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділігін анықтаудың ішкі жүйелерін айқындауды қамтитын жаңа қадағалау моделін әзірлеуді қарастырды. Нәтижесінде, бұл жағдайлар тәуекелдер негізінде ішкі аудиттің рөліне үлкен назар аударуға және корпоративтік басқарудың әртүрлі құрамдас тетіктерінің жауапкершіліктерінің артуына алып келді.

Тәуекелге бағытталған ішкі аудит тәуекелдерді басқару мен бақылаудың тиімділігін арттырады, ол өз кезегінде банктердегі қаржылық көрсеткіштерге ықпал ете отырып, қаржылық есептіліктің дәлдігін арттырады. Зерттеу барысында тәуекелдерді басқару, ішкі аудитті жоспарлау, ішкі аудит көлемі және ішкі аудит стандарттары қарастырылды. Сондай-ақ, несиелік тәуекелдерді бағалаудағы ішкі аудит әдістерін қолданудың ҚР ЕДБ-ның қаржылық көрсеткіштеріне әсер ете алғаны алмағандығы қарастырылды.

Біздің зерттеуімізде ұсынылып отырған зерттеу үшін мақсатты аудитория екінші деңгейлі банктердің ішкі аудиторлары, сондай-ақ, ЕДБ-ның 2018 жылындағы есептері болды.

Алғашқы мәліметтер сауалнаманы пайдалана отырып жиналды, олар өз бетінше енгізілді, респонденттерден сауалнамаларды алғаннан кейін жиналған мәліметтер зерттеліп, толықтығы және түсініктілігі тексерілді. Бұл зерттеулерде мәліметтерді талдаудың сандық әдістері қолданылды. Статистикалық регрессия мен корреляция тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің екінші деңгейлі банктердің қаржылық нәтижелеріне әсерін анықтау үшін жасалды. Банктердегі корпоративтік басқарудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде тәуекелдерді басқару 2007–2009 жылдардағы қаржылық дағдарыс контекстінде ерекше көзге түсті. Расымен, тәуекелдерді басқару бүкіл әлемдегі қаржы дағдарысынан кейін банктің қаржылық реформасы мен сенімді басқаруының тетігі болды.

Тәуекел деп біреуге зиян немесе залал әкеле алатын тікелей болжамды оқиғаны айтуға болады. Бұл белгілі бір нәтижелер әкелуі мүмкін болашақ оқиғалардың белгісіздігіне немесе ықтималдығына қатысты. Кең мағынада, алайда, тәуекел жаман нәтижеге ғана әкелуі міндетті емес, себебі тәуекел деңгейінің жоғары болуы, пайда көлемінің өсуіне әсер етеді.

Банк саласында тәуекел тек қана қаржылық және қаржылық емес, бизнес-тәуекелдер мен басқару тәуекелдерін қамтиды. Біріншісі несиеге, нарыққа және өтімділікке қатысты тәуекелдер сияқты банктің операциялық қызметінен шығады. Соңғысы банк қолданатын бақылау тетіктеріндегі кемшіліктерден туындайды. Жалпы алғанда, тәуекелдердің төрт негізгі тобы банктердің корпоративтік басқаруы шеңберінде бөлінеді, атап айтқанда, несиелік тәуекел, нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекел және операциялық тәуекел. Нарық жағдайының өзгеруінен пайда болатын тәуекелдерден, алаяқтықтан, әлемдік экономиканың дағдарысы баяу қалпына келетін банктердің өз мақсаттарына қол жетуі қиындаған болатын. Сәйкесінше, бизнес-тәуекелдерді сәтті басқару корпоративтік мақсаттарға қол жеткізуде басты орын алады.

Нәтижесінде бұл жағдайлар ішкі аудитпен тексерулер барысында тәуекелдерді есепке алуды, оның рөліне үлкен назар аударуға және корпоративтік басқарудың әртүрлі құрамдас тетіктерінің жауапкершілігіне алып келді. Демек, осы белгісіз жағдайда тәуекел негізінде аудит қызметінің тиімділігі (RBA) және тәуекелдерді басқару қызметі (RMF) банктің тиімді жұмыс атқаруына септігін тигізеді. Сонымен қатар неғұрлым жоғары пайдаға қол жеткізуге ұмтылатын көптеген мүдделі тараптардың, атап айтқанда реттеушілердің, рейтингтік агенттіктердің, акционерлердің және корпоративтік менеджерлердің назарын аудару жалғастыруда (Пхилна Цоетзее, 2015).

Әдебиетке шолу

Соңғы жылдары тәуекелдерге бағытталған ішкі аудитке аса назар аударылуда. АҚШ-тағы Сарбейнс-Оксли заңы, Базель III капиталы туралы келісімі бойынша басқару реформалары ішкі бақылау жүйесін реттеуді күшейту мақсатында қабылданды.

Тәуекелге бағытталған аудит тиімді корпоративтік басқарудың басты тетігі ретінде қарастырылады және сәйкесінше қаржылық нәтижелердің жақсаруына әкеледі (Царцелло, т.б., 2005).

Сондай-ақ, тәуекелге негізделген аудит бизнес-тәуекелге және осы тәуекелдерді бақылау үдерістеріне негізделеді. Тәуекелді бағалауға негізделген ішкі аудиттің әсері қаржылық есептілік сапасын арттыру, жоғалтуларды азайту және жалпы ұйымның қаржылық көрсеткіштерін жақсарту есебінен тәуекелдердің туындауын жеңілдететіні анықталды (Лорензо, 2001).

Жан-жақты тәуекел негізіндегі ішкі аудит қаржылық жағдайдың тұрақтылығына әсер етеді. Тәуекелдер негізіндегі ішкі аудит коммерциялық банктер үшін жедел басқаруда оның сапасын күшейтетін маңызды құрал болып табылады. Сонымен қатар тәуекелдерді басқару жүйесі заманауи басқарудың маңызды бөлігі, сондай-ақ, коммерциялық банктер қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізе алатын маңызды тәсіл болып табылады (Андрев, 2015).

Ішкі аудит стандартына сәйкес, банктерді басқару үрдісіндегі аудиттің рөлі ол корпоративтік басқару, тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару үдерістерінің тиімділігін бағалауға тиіс. Сондай-ақ кепілдік, рәсімдер мен іс-әрекеттері, ақпараттың толықтығы мен шынайылығы және коммуникациялық жүйелері, мониторинг пен бағалау бойынша қызметті басқару тиімділігін бағалап отыру қажет.

Тәуекелдер негізінде жыл сайынғы жоспарлау біздің ойымызша, ішкі аудиттің басты маңызды қызметі болып табылады және стратегиялық жоспарды дайындауды, сондай-ақ, жеке тәуекел негізінде жылдық жоспарлар мен бағдарламаларды қамтиды.

Корпоративтік тәуекелдер жылдам қарқынмен өсуде, ал осы тәуекелдерді басқару қабілеті мен деңгейі қажетті деңгейде емес. Тәуекелдерді бағалау ішкі аудиттің жыл сайынғы жоспарын құрудағы негізгі элемент болып табылады. Жоспарлау, әдетте, ішкі аудиттің маңызды қызметі болып саналады және тәуекелдер негізінде стратегиялық жоспарды, жылдық жоспарлар мен бағдарламаларды дайындауды қамтиды. Осы ретте дұрыс жоспарланған ішкі аудиторлық тексеру ЕДБ-ның тұрақтылығын арттырады. Ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс жасауының басты бағыттардың бірі ЕДБ-ның қаржылық тұрақтылығын талдаумен көрсетіледі (Ламбекова, 2017).

М.С. Бислей ішкі аудитке инвестициялар тиімді болғанын анықтады, өйткені ішкі аудиторлары бар ұйымдар ішкі аудиторларсыз ұйымдарға қарағанда қаржылық алаяқтыққа аз ұшырайды (Бислей, 1996).

Жалпы барлық басқару жұмысының басты мақсаттарының бірі ол — ұйымның тәуекелдерін тауып, оны бағалап және төмендетуге бағытталған (Гритзалис т.б., 2018).

Аудитор біліктілігі бойынша 1210 «Кәсібилік» ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарты ішкі аудиторлардың өз міндеттерін орындау үшін қажетті білімді, дағдылары мен құзыреттіліктерінің бар болуын талап етеді.

Банктерде ішкі аудиторлық тексерудің тәуекелге бағытталған әдісі жоғарыда айтқандай бүгінгі таңда жиі қолданылуда. Мысалы Нгуен Т.В. өзінің зерттеуінде ішкі бақылау мен ішкі аудитті зерттеп, оларды салыстырған болатын (Нгуен, 2016).

Қаржылық көрсеткіштер банк активтерден табыс алу үшін өзінің негізгі қызмет түрінен қаншалықты жақсы пайдалана алатындығының субъективті шарасы ретінде анықталуы мүмкін. Сондай-ақ, берілген уақыт кезеңі ішінде банк қаржылық жағдайының жалпы шарасы ретінде қолданылады. Қаржылық көрсеткіштер банктің ақша көрінісіндегі саясаты мен операцияларының көрсеткіші болып табылады.

Пайданы барынша көбейту үшін, банк өзінің жеке қажеттіліктерімен қатар, сондай-ақ, өз клиенттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа өнімдер ұсынады. Сонымен бірге басқару үдерістерінің тиімділік, кепілдік, ақпараттың толықтығы мен шынайылығын, коммуникациялық жүйелерді, мониторинг пен бағалау бойынша қызметті басқару тиімділігін бағалауы қажет. Тәуекелдер негізінде жыл сайынғы жоспарлау ішкі аудиттің маңызды қызметі болып табылады. Стратегиялық жоспарды дайындауды, сондай-ақ, жеке тәуекел негізінде жылдық жоспарлар мен бағдарламаларды қамтиды (Асад, 2017).

Банктерде корпоративтік тәуекелдер жылдам қарқынмен өсуде, ал осы тәуекелдерді басқару қабілеті үлгермеуде. Осыған байланысты А. Модар Абдуллатиф және Ш.Кавук ішкі аудиторлар үшін тәуекелдерді бағалау, тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің жыл сайынғы жоспарын құрудағы негізгі элемент болып табылатынын айтқан болатын (Модар т.б., 2015).

Жоспарлау, әдетте, ішкі аудиттің маңызды қызметі болып саналады және тәуекелдер негізінде жеке аудит үшін стратегиялық жоспарды, жылдық жоспарлар мен бағдарламаларды дайындауды қамтиды. Тәуекелдерді бағалау, басқару, тәуекелдер негізінде жыл сайынғы жоспарлау, ішкі аудит стандарттары және несиелік тәуекелдерді бағалау сияқты тәуекелге негізделген аудиторлық тәжірибелер ЕДБ-де жүргізіледі. Ал ол өз кезегінде қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында есептіліктің ашықтығына және тиісті басқаруға әсер етеді.

Сондықтан гипотезаға сәйкес тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесі екінші деңгейлі банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты — тәуекелге негізделген ішкі аудиттің қаржы көрсеткіштеріне әсерін анықтау. Зерттеу жұмысының өзектілігіне сәйкес зерттеу жұмысы құнды деп саналады. Себебі, ол аяқталған соң ішкі аудиторлардың корпоративтік басқаруды жоғарылатудағы тәуекелге негізделген ішкі аудиттің маңыздылығы зор және нәтижесінде банктердің қаржылық көрсеткіштері жақсарады.

Зерттеу жұмысының жұмыс гипотезасына сәйкес ішкі аудит жүйесі шеңберінде талқыланатын теорияларды қарастырамыз: тәуекелдер негізіндегі ішкі аудит теориясы, агенттік теория және трансакциялық шығындар теориясы. Тәуекел аудитінің теориясы аудит кезінде аудиторды бағалау нақты клиенттің тәжірибиесін ескерсе тиімдірек болатынын тұжырымдайды.

Осы теорияға сәйкес тәуекелдерді анықтау мен басқару үшін жауапкершілік басшылыққа тиесілі. Ал ішкі аудиттің негізгі рөлдерінің бірі бұл тәуекелдердің тиісті дәрежеде өңделгеніне сенімділікті қамтамасыз ету. Ішкі аудит бойынша кәсіби қызмет өз миссиясын банк тәуекелдерін басқарудың өзіндік құрылымы контекстінде айқындай отырып, басқарудың негізі ретінде жақсырақ орындай алады. Бұл менеджерлердің тәуекелдерді қалай анықтайтынын, бағалайтынын, жауап беретінін және олар туралы хабарлайтынын, сондай-ақ, менеджерлердің тәуекелдерге ден қою жұмысын қаншалықты жақсы бақылайтынын қарастырады.

Зерттеу тақырыбы бойынша әлемде бірнеше зерттеулер жүргізілген. Көптеген ғалымдар тәуелсіз айнымалылар ретінде ішкі аудит көлемі, ішкі аудит стандарты, ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары, тәуекелдердің басқарылуы алынған.

Ал, біздің зерттеуіміздің ерекшелігі тәуелсіз айнымалы ретінде тағы бір көрсеткіш — несиелік тәуекелін бағалау факторын алумен байланысты. Бұл факторды алу себебіміз жұмыстың зерттеу саласының бірі екінші деңгейлі банктердің болуымен байланысты. Себебі, кез келген қызмет саласында пайда алу мүмкіндігімен қатар әрдайым жоғалту (тәуекел) қаупі бар.

Банктің тәуекелдер жүйесінің әртүрлі ұсынылған жіктемелерінің көптеген түрлері бар. Негізгі банктік тәуекел, әсіресе қазақстандық тәжірибеде, несиелік тәуекел болып табылады.

Несиелік тәуекел — бұл банк қарызы бойынша қайтарылмау (төлемеу) немесе төлем мерзімін өткізіп алу тәуекелі. Осы тәуекелді басқару — банк қызметінің тиімділігін анықтайтын негізгі фактор. Әсіресе қаржы дағдарысы, көптеген банктер мен банктік өнімдердің арасында қатаң бәсекелестік жағдайында несиелік тәуекелді басқарудың тиімді жүйесінің болуы өте маңызды. Заманауи банктер өз әрекетінде осындай проблемалармен жиі кездеседі.

S&P Global Ratings рейтинг агенттігі ЕДБ тағы бір күрделі жылды бастан өткеруі тиіс деп есептейді. Себебі олар операциялық қызметті ЖІӨ-нің төмен өсу қарқыны, теңгенің құбылмалылық бағамы және шикізат тауарларының төмен бағалары жағдайында жүзеге асыратын болады. Бұл банк секторының өсу болашағына, активтердің табыстылығы мен сапасының көрсеткіштеріне жағымсыз әсер етеді деп есептейді.

Агенттіктің пікірінше, Қазақстанның банк жүйесінің негізгі кемшілігі — несиелік тәуекел деңгейінің жоғары болуында. Бұл өткен кезеңде банк жүйесі деңгейінде берілген проблемалық несиелердің барынша көп көлеміне байланысты.

Әдістер

Енді жұмысымыздың зерттеу әдістемесіне көшейік. Зерттеу жұмысының мақсаттарына қол жеткізуге көмектескен процедураларды қарастырамыз. Атап айтқанда:

- зерттеу дизайны;
- мәліметтерді жинау құралдары;
- мәліметтерді жинау процедуралары және талдау мәліметтері.

Зерттеу дизайны. Зерттеуде сипаттамалық сауалнама қабылданды. Сипаттамалық сауалнаманы зерттеу ақпарат алуға бағытталған, бұл қызметкерлерден олардың қабылдауын, қатынасын, тәртібін немесе құндылықтарын сұрай отырып, болып жатқан құбылыстарды сипаттайды. Сипаттамалық зерттеу адамдардың, оқиғалардың немесе жағдайлардың нақты профилін бейнелейді.

Бұл зерттеу тәуекелді бағалауға негізделген ішкі аудит пен қаржылық өнімділігі арасындағы өзара байланыстың нақты бейнесін көрсетеді деп болжануда.

Респонденттер. Статистикадағы мақсатты жиынтық және ақпараттың талап ететін нақты жиынтық болып табылады. Респонденттер дегеніміз зерттелетін адамдардың, қызметтердің, элементтердің нақты анықталған жиынтығы.

Ұсынылған зерттеу үшін респонденттер болып ішкі аудиторлардың, мақсатты тобы екінші деңгейлі банктердің тәуекел-менеджерлері алынды.

Мәліметтер жинау. Зерттеу барысында бастапқы және статистикалық мәліметтер алынды.


Бастапқы мәліметтер өз бетінше енгізілген сауалнамалар көмегімен жиналды. Сауалнама аяқталған сұрақтардан тұрды. Құрылымдалған сұрақтар уақытты үнемдеу үшін, сондай-ақ, талдауды жеңілдету үшін қолданылды, өйткені олар қолдануға ыңғайлы нысанда болды. Сауалнамалар қолданылды, өйткені олар аудиторлар мен банк қызметкерлері болып табылатын респонденттерге еркін ортада өз жауаптарын беруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар Ұлттық банктің банк секторы бойынша қаржылық көрсеткіштері алынды.

Мәліметтердің шынайылығы. Шынайылықты тексерудің үш түрі бар, олар шынайылықтың мазмұнынан, критерийінен және байланысты конструкциясынан тұрады. Зерттеуде контенттің негізділігі қолданылды, себебі ол элементтердің үлгісі өлшем үшін арналған тест мазмұнын көрсететін дәрежені өлшейді.

Мәліметтерді талдау, нәтижелер және талқылау. Берілген гипотезаларды растау үшін корреляциялық-регрессиялық модельдің SmartPLS 3 пакеттік бағдарламасында құрылымдық модельдері құрылды. Smart PLUS жартылай ең аз шаршылармен құрылымдық теңдеулерді модельдеу үшін белгілі бағдарламалық қосымшалардың бірі болып табылады (PLS-SEM). Оны Д. Бидо, Д. да Силва, және Ц. Рингле 2015 жылы жасаған (Бидо т.б., 2015).

Құрылымдық теңдеулерді моделдеу (SEM) — бұл екінші буындағы көп өлшемді мәліметтерді талдау әдісі. Ол маркетингтік зерттеулерде жиі қолданылады, себебі ол теориялық қолдаудағы сызықтық және аддитивті себеп-салдарлық модельдерді тестілей алады (Рингле, 2016).

Біздің бұл зерттеу тәуекелді бағалауға негізделген ішкі аудит пен коммерциялық ұйымдардың қаржылық өнімділігі арасындағы өзара байланыстың нақты бейнесін көрсетеді деп болжаймыз. Біздің зерттеуімізде 5 экзогенді және 1 эндогенді айнымалылар қарастырылған (сурет 1).



Сурет 1. Тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің концептуалды құрылымдық моделі

Ескерту: Жинақталған сауалнама деректері және Ұлттық банктің банк саласы бойынша қаржылық көрсеткіштері негізінде SmartPLS 3 статистикалық пакеттік бағдарламада автормен жасақталған

Жоғарыдағы суретте бес тәуелсіз фактордың (төмендегі ішкі гипотезаларда берілген) бір тәуелді айнымалыға әсерін байқадық. Берілген гипотезаларды растау үшін корреляциялық-регрессиялық модельдің SmartPLS 3 статистикалық пакеттік бағдарламасында құрылымдық модельдер құрылды.

1-суретте концептуалды құрылымдық модель бойынша зерттеу жұмысының гипотезасы бойынша 5 ішкі гипотеза қарастырылды. Берілген гипотезаларды жеке-жеке қарастырсақ:

Гипотеза 1. Несие тәуекелін бағалауының қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 2. Ішкі аудит стандартының қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 3. Ішкі аудит көлемінің қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 4. Тәуекелді басқарудың қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 5. Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспарының қаржылық нәтижеге әсері.

Бірінші гипотеза бойынша мәліметтері Ұлттық банктің мәліметтері және қазақстандық қаржыгерлер ассоциациясымен жасалынған екінші деңгейлі банктерге шолу ақпараттары бойынша 2018 жылғы есептемелерінен алынды (Қазақстандық қаржыгерлер ассоциациясымен жасалынған екінші деңгейлі банктерге шолу бойынша 2018 жылғы есептемесі). Төмендегі 1-кестеде тәуелсіз айнымалылардың сауалнама сұрақтары берілген.

Кесте 1. Тәуелсіз айнамылыларды бағалауға арналған индикаторлар бойынша сұрақтар тізімі

Қысқартулар	Тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің концептуалды құрылымдық моделінің айнымалылары (сауалнама сұрақтары мен көрсеткіштері)
Ішкі аудит көлемі (IAK)	
IAK 1	Банкте ішкі аудиторлардың жеткіліктілігі
IAK 2	Сапалы аудиторлық есептемелердің бар болуы
IAK 3	Техникалық адекватты және кәсіби дағдылар / аудиторлардың біліктілігінің деңгейі
Ішкі аудит стандарты (IAC)	
IAC 1	Ішкі аудиторлар кәсіби этика мен стандарттарды ұстанады
IAC 2	Ішкі аудит қызметкерлері жұмысының тиімділігін бағалаңыз
IAC 3	Аудиторлық есеп берудің айқындығын бағалаңыз
IAC 3	Аудит комитетінің тәуелсіздігін бағалаңыз
Несие тәуекелін бағалау (NPL, NPL>90, k3, Несиелік портфель)	
NPL	Жұмыс істемейтін несиелер портфелі
NPL>90	90 күннен артық жұмыс істемейтін несиелер портфелі
k3	Банкпен белгілі бір қатынастағы емес (инсайдерлер) бірнеше несиелер алушыға тәуекелдің максималды мөлшерінің коэффициенті
Несиелік портфель	Несиелік портфель
Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жұмыс жоспары (ТБЖЖ)	
ТБЖЖ1	Тәуекелге негізделген аудитті жоспарлау деңгейін көрсетіңіз
ТБЖЖ2	Жеке аудиторлық тапсырмаларға тәуекелдерді ескере отырып жасалынған жұмыс бағдарламасының деңгейін көрсетіңіз
ТБЖЖ3	Директорлар кеңесімен талқыланған, тәуекелге бағытталған аудиторлық жұмыс жоспар деңгейін бағалаңыз
ТБЖЖ4	Аудиторлық сұраныстар бойынша мезгілінде ұсынылуының орын алуы
Тәуекелдерді басқару (ТБ)	
ТБ 1	Тәуекелдерді бағалау деңгейін көрсетіңіз
ТБ 2	Тәуекелдерді басқару деңгейін көрсетіңіз
ТБ 3	Тәуекелдерді басқару қаржылық есептіліктегі қателерді анықтау үшін жүргізіледі
<i>Ескерту: Жинақталған сауалнама деректері және Ұлттық банктің банк саласы бойынша қаржылық көрсеткіштерінің деректері бойынша автормен жасақталған</i>	

Сауалнама сұрақтары Ішкі аудиторлардың халықаралық кәсіби стандартына сәйкес жасалынды. Кестеде сауалнама сұрақтарымен бірге тәуекелдерді бағалаудың тәуелсіз айнымалысы берілген. Сонымен қатар тәуелсіз айнымалылардың индикаторларының қысқартылған нұсқадағы түрі көрсетілген.

Нәтижелері

Құрылымдық тендеулерді моделдеу (SEM) — бұл екінші буындағы көп өлшемді мәліметтерді талдау әдісі болып табылады. Ол маркетингтік зерттеулерде жиі қолданылады, себебі ол теориялық қолдаудағы сызықтық және аддитивті себеп-салдарлық модельдерді тестілей алады.

2-суретте зерттеу жұмысы гипотезасы бойынша ақпараттар базасы берілген (суреттегі мәліметтер бағдарламадан жүктелінген).

Суреттен көріп отырғанымыздай, респонденттер саны 80 және ол ішкі аудиторлар мен ішкі бақылау орталығы қызметкерлері құрамынан алынды. Сонымен қатар, байқап отырғанымыздай, барлық модельдер бағдарламада автоматты түрде орындалған.

Smart PLS 3 бағдарламасына мәліметтерді енгізгеннен кейін корреляция-регрессия моделі үшін факторлардың байланыс тығыздығын корреляция индексі (R) бойынша тексереміз.


Data file Settings	
Data file	ішкі аудит[80 records]
Missing value marker	none
Data Setup Settings	
Algorithm to handle missing data	None
Weighting Vector	-
PLS Algorithm Settings	
Data metric	Mean 0, Var 1
Initial Weights	1.0
Max. number of iterations	5000
Stop criterion	7
Use Lohmoeller settings?	No
Weighting scheme	Path
Bootstrapping Settings	
Complexity	Basic Bootstrapping
Confidence interval method	Bias-Corrected and Accelerated (BCa) Bootstrap
Parallel processing	Yes
Samples	500
Significance level	0.05
Test type	Two Tailed
Construct Outer Weighting Mode Settings	
Ішкі аудит көлемі	Automatic
Ішкі аудит стандарты	Automatic
Несие тәуекелін бағалау	Automatic
Тәуекелге бағытталған ішкі аудитордың жылдық жоспары	Automatic
Тәуекелдерді басқару	Automatic
Қаржылық нәтиже	Automatic

Сурет 2. Зерттеудің ақпараттық базасы

Ескерту: Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Факторларды таңдап және мәліметтеріне өңдеу немесе түзету енгізілгеннен кейін олардың арасындағы өзара тәуелділік барын анықтаймыз. Экономикалық теория бойынша факторлардың арасында тәуелділік болуы мүмкін, бірақ тәжірибеде зерттелетін нысанға байланысты нәтижелі көрсеткіш басқа факторларға байланысты өзгеруі мүмкін.

Төмендегі суретте қарастырылып отырған гипотезаларда айнымалылар арасында байланыс тығыздығы көрсетілген (сурет 3).



Сурет 3. Айнымалылар арасындағы байланыс көрсеткіштерінің тығыздық моделі (R²)

Ескерту: Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Суреттен көріп отырғанымыздай, қаржылық нәтиже айнымалысының детерминация коэффициенті (R) 0,951 құрады. Бұл дегеніміз бес тәуелсіз айнымалылардың жоғары деңгейде қаржылық нәтижесінің 95,1 %-да ауытқуын түсіндіреді.

Факторларды таңдап және мәліметтеріне өңдеу немесе түзету енгізілгеннен кейін олардың арасындағы өзара тәуелділік барын анықтаймыз. Экономикалық теория бойынша факторлардың арасында тәуелділік болуы мүмкін, бірақ тәжірибеде зерттелетін нысанға байланысты нәтижелі көрсеткіш басқа факторларға байланысты өзгеруі мүмкін. Сондықтан таңдалған факторлардың статистикалық мәліметтеріне міндетті түрде корреляциялық талдау жүргізу қажет.

Талдау корреляциялық коэффициенті бойынша анықталады. Корреляция коэффициенті жалпы факторлардың тенденциясының сәйкестігін көрсетеді. Корреляция коэффициенті төмендегі формуламен есептелінеді.

$$r_{xy} = \frac{\sum(d_x \times d_y)}{\sqrt{(\sum d_x^2 \times \sum d_y^2)}}, (1)$$

мұндағы

r_{xy} – корреляция коэффициенті;

d_x – x қатары мәнінің өзінің орташа мәнінен ауытқуы;

d_y – y қатары мәнінің өзінің орташа мәнінен ауытқуы;

$\sum d_x^2$ – x бойынша квадраттар ауытқуларының қосындысы;

$\sum d_y^2$ – y бойынша квадраттар ауытқуларының қосындысы.

Корреляция коэффициентінің шамасы айнымалылар арасындағы (x, y) байланыс күшін көрсетеді. Айнымалылар арасындағы (x, y) корреляция коэффициенттерінің байланыс күшін бағалау кезінде Чеддок шкаласы қолданылады. Ол корреляция коэффициентінің 0,1–0,3-ке тең кезінде айнымалылардың өзара байланысы әлсіз, 0,3–0,5 — орташа, 0,5–0,7 — елеулі, 0,7–0,9 — жоғары, 0,9–0,99 — өте жоғары дегенді білдіреді. Корреляция коэффициенті -1-ден +1-ге дейінгі мәндерді қабылдайды. Теріс корреляция коэффициенті көрсеткіштердің (x, y) кері байланысын көрсетеді. Корреляция коэффициентінің нөлдік шамасы кезінде айнымалылардың өзара байланысы болмайды.

Суреттен және жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, зерттеудегі тәуелді айнымалының детерминация коэффициенті 0,951-ге тең. Бұл дегеніміз модель 95,1 пайызға мәнді дегенді білдіреді.

Дж. Хюлэндтің пайымдауынша бұл мәндер 0,4 немесе одан жоғары деңгейде болуы қажет (Хюлэнд, 1999). Сондықтан, модельді тестілеу үшін барлық айнымалылардың индикаторларын қолданамыз.

Кесте мәліметтері бойынша айнымалылардың жеке индикаторларының сенімділігі жеткілікті деңгейде көрсетілген. Тек ішкі аудит стандарты (IAC) мен тәуекелге бағытталған жылдық жоспар (ТБЖЖ) факторлары қажетті деңгейде ықпал етпеді.

Айнымалылардың жеке индикаторларының сенімділік коэффициенті 0,4-тен жоғары болса мәндер қабылданады. Барлық басқа зерттеулер секілді, құрылымдық модельді сараптауды аяқтау үшін тәуелсіз айнымалылардың сенімділігі мен жарамдылығын анықтау қажет. PLS-SEM талдауын жүргізу барысында модельдің факторлары мен индикаторларының сенімділігі мен жарамдылығын тексеру қажет. 2-кестеде барлық факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндері көрсетілген.

Кестеден байқағанымыздай, AVE мәндерінің барлығының 0,5 қолайлы шегінен асып кеткені анықталды, сондықтан сенімділігі мен жарамдылығы расталды.

Cronbach's alpha көптеген зерттеулерде сауалнама сұрақтарының сенімділігі мен жарамдылық мәнін көрсетеді.

Cronbach's alpha мәніне түсінік берсек: [0,9–1] — өте жақсы, [0,8–0,9] — жақсы, [0,7–0,8] — қанағаттанарлықтай, [0,6–0,7] — күдікті, [0,5–0,6] — төмен, [0–0,5] — жеткіліксіз.

Жиынтықтың дұрыстығын тексеру үшін әр тәуелсіз айнымалы мен олардың индикаторларының көрсеткіштерінің орташа мәнін шығаруды (AVE) бағалайды. Ол 0-ден 1-ге дейін өзгеріп отырады. AVE мәні 0,50-ден жоғары болу керек.

Кесте 2. Барлық факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндері

Latent Variable	Indicators	Loadings	Indicator Reliability (i.e., loadings ²)	Cronbach's alpha	AVE
Ішкі аудит көлемі	IAK1	0,728	0,534	0,729	0,648
	IAK2	0,878	0,815		
	IAK3	0,801	0,747		
Ішкі аудит стандарты	IAC1	0,683	0,594	0,856	0,703
	IAC2	0,879	0,910		
	IAC3	0,887	0,760		
	IAC4	0,886	0,837		
Несие тәуекелін бағалау	NPL	0,799	0,668	0,794	0,616
	NPL>90	0,830	0,594		
	k3	0,752	0,671		
	Несиелік портфель	0,755	0,453		
Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары	ТБЖЖ1	0,514	0,455	0,813	0,660
	ТБЖЖ2	0,881	0,848		
	ТБЖЖ3	0,896	0,709		
	ТБЖЖ4	0,892	0,776		
Тәуекелдерді басқару	ТБ1	0,899	0,668	0,732	0,652
	ТБ2	0,799	0,455		
	ТБ3	0,714	0,453		

Ескерту — Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

2-кесте мәліметтері барлық факторлардың сенімділігі мен жарамдылық көрсеткіштері мәнді болып отырғандығын көрсетеді және олар бағалаудың барлық шарттарын орындайды.

Сонымен қатар айнымалылардың арасындағы өзара байланысы дискриминанттың дұрыстылығына тексерілді және барлық көрсеткіштер талап етілген критерийлерге сәйкестігі анықталды. Бұл критерийлер С.Форнелла және Д.Ф. Ларкердің пайымдауынша (Форнелла т.б., 1981).

Яғни модельдің айнымалылардың кез келген басқа айнымалымен ең жоғары корреляциясынан әр айнымалының AVE-нің квадрат түбірінің жоғары екенін көреміз.

Бақыланбайтын айнымалы және өлшеу қателігі бар құрылымдық теңдеулердің модельдерін С. Форнелла және Д.Ф. Ларкердің критерийінің дискриминанты дәлділігі арқылы бағаланады.

Талқылау

Сонымен, зерттеу жұмысының гипотезасына сәйкес бес ішкі гипотеза ұсынылған болатын. Ұсынылған гипотезалардың үшеуі расталып, екеуі расталмады. Банктердің қаржылық жағдайына әсер ететін бес тәуелсіз айнымалыларды қарастырып, әрбір айнымалыны өзіне тән сұрақтармен бағаладық.

Жоғарыдағы 1-суретте концептуалды құрылымдық модель бойынша зерттеу жұмысының гипотезасы 5 ішкі гипотезада қарастырылған:

Гипотеза 1. Несие тәуекелін бағалаудың қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 2. Ішкі аудит стандартының қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 3. Ішкі аудит көлемінің қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 4. Тәуекелдерді басқарудың қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 5. Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспарының қаржылық нәтижеге әсері.

Бірінші гипотеза бойынша несие тәуекелін бағалау қаржылық нәтижеге (- 0,364) орташа кері әсер етті. Бұл несие тәуекелінің көбеюі қаржылық нәтиже көрсеткішін төмендететіндігін білдіреді.

Екінші гипотеза нәтижесінде ішкі аудит стандарты қаржылық нәтиженің өзгеруіне елеулі әсер етті (0,632). Яғни екінші деңгейлі банктердің ішкі аудит стандартын жеткілікті деңгейде қолданылатынын байқаймыз.

Сонымен қатар расталған гипотезаның үшіншісі гипотезасы ол — ішкі аудит көлемінің қаржылық нәтиженің өзгеруіне айтарлықтай әсер еткенін (0,556) білдіреді. Яғни көлемі бойынша ішкі аудит жүйесі ауқымды жұмыс атқаратындығын көрсетеді.

Дегенмен, қалған төртінші және бесінші гипотезалар расталмады. Олардың детерминация коэффициенттері (0,091) және (0,103) әлсіз болып отыр. Яғни ол гипотезалардың расталмау себебі,

ҚР ЕДБ-де ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары мен тәуекелдерді басқару жүйесінің жеткіліксіз деңгейде жұмыс атқаратындығын білдіреді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, біздің ойымызша, ЕДБ ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспарын құруға және 9 «Қаржы құралдары» ХКЕС (IFRS) өзгерістері мен Ішкі аудиторлардың халықаралық кәсіби стандарттарына сай тәуекелдерді басқаруға негізделуі тиіс. Себебі, ішкі аудит қызметінің әрекетін неғұрлым жүйелі және тиімді жүргізу арқылы ҚР ЕДБ-ның тұрақты жұмыс атқаруына елеулі ықпалын тигізеді.

Берілген модельді ЕДБ-мен қатар басқа да ұйымдардың өздерінің ішкі аудит жұмысын тиімді ұйымдастыру үрдісінде қолдана алады.

Әдебиеттер тізімі

- Andrew D. Chambers, Marjan Odar, «A new vision for internal audit» // *Managerial Auditing Journal*. – 2015. – Vol. 30, Iss. 1. – P. 34–55.
- Asad Shafiq, P. Fraser Johnson, Robert D. Klassen, Amrou Awaysheh, Exploring the implications of supply risk on sustainability performance // *International Journal of Operations & Production Management*. – 2017. – Vol. 37, № 10. – P. 1386 – 1407.
- Beasley M.S., Sharaf H.A. and Pallais D.M. An empirical analysis of the relation between the board of director composition and financial statement fraud // *The Accounting Review*. – 1996. – Vol. 71, № 4. – P. 443–65.
- Bido D., da Silva D., & Ringle C. Structural Equation Modeling with the Smartpls // *Brazilian Journal Of Marketing*. – 2015. – № 13 (2). www.ssrn.com. 06.05.2018.
- Carcello J. V., Hermanson D. R. and Raghunandan K. Factors associated with US public companies' investment in internal auditing // *Accounting Horizons*. – 2005. – № 19. – P. 69–84.
- Fornell C., & Larcker D.F. Evaluating structural equation models with unobservable variables and measurement error // *Journal of Marketing Research*. – 1981. – № 18 (1). – P. 39–50.
- Gritzalis, D., Iseppi, G., Mylonas, A., & Stavrou, V. Exiting the Risk Assessment Maze // *ACM Computing Surveys* 2018. sci-hub.se/10.1145/3145905
- Hulland J. Use of partial least squares (PLS) in strategic management research: a review of four recent studies // *Strategic Management Journal*. – 1999. – № 20 (2). – P. 195–204.
- Lorenzo W. Factors associated with the adoption of risk based internal auditing // *Managerial Auditing Journal*. – 2001. – Vol. 25, Iss. 1. – P. 79–98.
- Modernization Abdullatif, Shata of Kavak, «the Role of internal audit in risk management: data banks in Jordan» // *Journal of economic and administrative nyvip*. – 2015. — Vol. 31, № 41. – P. 30–50.
- Philna Coetzee, «Contribution of internal auditing to risk management: Perceptions of public sector senior management» // *International Journal of Public Sector Management*. – 2016. – Vol. 29, № 4. – P. 348–364.
- Ringle C. and Sarstedt M. «Gain more insight from your PLS–SEM results» // *Industrial Management & Data Systems*. – 2016. – Vol. 116, № 9. — P. 1865–1886.
- Обзор банков второго уровня. — Режим доступа: http://afk.kz/2018/10/%D0%91%D0%92%D0%A3_01.10.2018.pdf. 12.01.2019.
- Ламбекова А.Н. «Халық Банк» Акционерлік қоғамының қаржылық тұрақтылығын талдау ішкі аудит жүйесінің тиімділігін арттыру құралы ретінде / А.Н. Ламбекова, А.М. Нургалиева // Қарағанды университетінің хабаршысы. Экономика сериясы. – 2017. — № 2 (86). — Б. 236–242.
- Нгуен Тхи Вьет Ле. Развитие методики внутреннего аудита на основе риск-ориентированного подхода в коммерческих организациях / Нгуен Тхи Вьет Ле // *Baikal Research Journal*. — 2016. — Т. 7. № 2. — Режим доступа: DOI: 10.17150/2411–6262.2016.7(2).7.

А.Н. Ламбекова

Эффективность системы внутреннего аудита в банках второго уровня Республики Казахстан: структурная модель

Аннотация

Цель: На основе выявления основных проблем внутреннего аудита, влияющих на финансовую устойчивость банков второго уровня, и оценки кредитного портфеля разработать концептуальную структурную модель внутреннего аудита.

Методы: Методологической основой исследования стали такие научные методологические подходы и методы исследования, как сравнение, группировка, анализ, классификация, статистические методы, индукция, дедукция, моделирование и экономико-математические методы.

Результаты: На основе анализа проблем внутреннего аудита, кредитного портфеля и результатов анкетирования с помощью Smart PLS программы разработана концептуальная структурная модель внутреннего аудита, позволяющая банкам определиться с помощью каких независимых переменных внутреннего аудита

(объема и стандартов внутреннего аудита, оценки кредитного риска, годового плана аудита, ориентированного на риск, управление рисками) можно достичь финансовой стабильности. По первой гипотезе оценка кредитного риска оказала среднее негативное влияние на финансовый результат (-0,364). Это означает, что увеличение кредитного риска снижает устойчивость финансового положения. В результате второй гипотезы стандарт внутреннего аудита оказал существенное влияние на изменение финансового результата (0,632). То есть мы наблюдаем, что банки второго уровня применяют стандарт внутреннего аудита. Кроме того, третья подтвержденная гипотеза означает, что высокий объем работы внутренних аудиторов оказал существенное влияние на изменение устойчивости финансового положения (0,556). Однако четвертая и пятая гипотезы не подтвердились. Их коэффициенты детерминации (0,091) и (0,103) остаются слабыми. То есть это свидетельствует о том, что причина опровергнутых гипотез заключается в том, что в БВУ РК недостаточно функционируют риск-ориентированный годовой план внутреннего аудита и система управления рисками.

Выводы: На базе Smart PLS программы с учётом оценки проблем внутреннего аудита, анализа кредитного портфеля и изучения результатов анкетирования построена концептуальная структурная модель внутреннего аудита, способствующая установлению влияния независимых переменных внутреннего аудита на финансовую устойчивость банка.

Ключевые слова: финансовая устойчивость, внутренний аудит, банки второго уровня, структурная модель, риск-ориентированная проверка, стандарты внутреннего аудита, план внутреннего аудита.

A.N. Lambekova

Effectiveness of the internal audit system in second-tier banks of the Republic of Kazakhstan: a structural model

Abstract

Object: to develop a conceptual structural internal audit model on the basis of identifying main internal audit problems that affect the financial stability of second-tier banks, and assessing the credit portfolio

Methods: The research framework was scientific methodological approaches and study methods such as comparison, grouping, analysis, classification, statistical methods, induction, deduction, modeling, and economic and mathematical methods.

Findings: based on the analysis of internal audit problems, credit portfolio, and questionnaire results using the Smart PLS software, a conceptual structural model of internal audit has been developed. This allows banks to determine which independent variables of internal audit (volume and standards of internal audit, credit risk assessment, annual risk-oriented audit plan, and risk management) allow financial stability.

According to the first hypothesis, the credit risk assessment had an average negative impact on the financial result (- 0.364). This means that an increase in credit risk reduces the stability of the financial situation.

As a result of the second hypothesis, the internal audit standard had a significant impact on the change in the financial result (0.632). That is, we see that the second-tier banks apply the internal audit standard. In addition, the third confirmed hypothesis means that the high volume of work of internal auditors had a significant impact on the change in the stability of the financial position (0.556). However, the fourth and fifth hypotheses were not confirmed. Their determination coefficients (0.091) and (0.103) remain weak. That is, this suggests that the reason for the refuted hypotheses is that the risk-oriented annual internal audit plan and the risk management system do not function sufficiently in the STB of the Republic of Kazakhstan.

Conclusions: on the basis of the Smart PLS software, considering the assessment of internal audit issues, credit portfolio analysis and the questionnaire results, a conceptual structural model of internal audit has been developed. This helps establish the influence of independent internal audit variables on the bank's financial stability.

Keywords: financial stability, internal audit, second-tier banks, structural model, risk-based audit, internal audit standards, internal audit plan.

References

- Andrew D. Chambers, Marjan Odar, (2015) «A new vision for internal audit». *Managerial Auditing Journal*, 30, 1, 34–55.
- Asad Shafiq, P. Fraser Johnson, Robert D. Klassen, Amrou Awaysheh, (2017). Exploring the implications of supply risk on sustainability performance. *International Journal of Operations & Production Management*, 37,10, 1386 – 1407.
- Beasley M.S., Sharaf H.A. and Pallais D.M. (1996). An empirical analysis of the relation between the board of director composition and financial statement fraud. *The Accounting Review*, 71, 4, 443–65.
- Bido D., da Silva D., & Ringle C. Structural Equation Modeling with the Smartpls // *Brazilian Journal Of Marketing*. – 2015. – № 13 (2). www.ssrn.com. 06.05.2018.
- Carcello J. V., Hermanson D. R. and Raghunandan K. (2005). Factors associated with US public companies' investment in internal auditing. *Accounting Horizons*, 19, 69–84.

- Fornell C., & Larcker D.F. (1981). Evaluating structural equation models with unobservable variables and measurement error. *Journal of Marketing Research*, 18 (1). 39–50.
- Gritzalis, D., Iseppi, G., Mylonas, A., & Stavrou, V. (2018). Exiting the Risk Assessment Maze. *ACM Computing Surveys*. sci-hub.se/10.1145/3145905
- Hulland J. (1999). Use of partial least squares (PLS) in strategic management research: a review of four recent studies. *Strategic Management Journal*, 20 (2), 195–204.
- Lambekova, A.N., Nurgalieva, A.M. (2017). «Khalyq Bank» Aktsionerlik qogamynyn qarjylyq тұрақтылығын талдау ishki audit juiesinin tiimdiligin arttyru quraly retinde [Analysis of the financial stability of Halyk Bank Joint Stock Company as a tool for improving the effectiveness of the internal audit system]. *Qaragandy universitetinin khavarshysy. Yekonomika seriasy. — Bulletin of Karaganda University. Economy series*, 2 (86), 236–242 [in Kazakh].
- Lorenzo W. (2001). Factors associated with the adoption of risk based internal auditing. *Managerial Auditing Journal*. 25, 1, 79–98.
- Modernization Abdullatif, Shata of Kavak, (2015). «the Role of internal audit in risk management: data banks in Jordan». *Journal of economic and administrative nyvip*, 31, 41. 30–50.
- Nguen Thi Vet Le. (2016). Razvitie metodiki vnutrennego audita na osnove risk-orientirovannogo podhoda v kommercheskikh organizatsiiakh [Development of internal audit methodology based on a risk-based approach in commercial organizations]. *Baikal Research Journal*, 7, 2. DOI: 10.17150/2411–6262.20167(2)7 [in Russian].
- Obzor bankov vtorogo urovnia — Overview of second-tier banks. Retrieved from http://afk.kz/2018/10/%D0%91%D0%92%D0%A3_01.10.2018.pdf. 12.01.2019 [in Russian].
- Philna Coetzee, (2016). «Contribution of internal auditing to risk management: Perceptions of public sector senior management». *International Journal of Public Sector Management*, 29, 4, 348–364.
- Ringle C. and Sarstedt M. «Gain more insight from your PLS–SEM results» // *Industrial Management & Data Systems*. – 2016. – Vol. 116, № 9. — P. 1865–1886.